

Ақмола облысының Бұланды, Целиноград, Сандықтау аудандары бойынша кейбір елді мекендерінің атауларын қайта атау туралы

Ақмола облыстық мәслихаты мен Ақмола облыстық әкімдігінің 2006 жылғы 16 наурыздағы N ЗС-18-17 бірлескен шешімі. Ақмола облысының әділет департаментінде 2006 жылғы 11 сәуірде N 3186 тіркелді.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша «селосы», «селолық» деген сөздер «ауылы», «ауылдық» деген сөздермен ауыстырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 17.02.2015 № А-2/65 қаулысы және Ақмола облыстық мәслихатының 17.02.2015 № 5С-34-6 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11 бабына сәйкес, Бұланды, Целиноград, Сандықтау аудандарының әкімдігі мен мәслихатының бірлескен қолдау хаттары негізінде және облыс әкімдігінің жанындағы тіл саясаты және ономастика жөніндегі облыстық комиссияның 2005 жылғы 22 желтоқсандағы шешіміне байланысты облыстық мәслихат пен облыс әкімдігі

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Ақмола облысының келесі елді мекендерінің атаулары қайта аталсын:

1) Бұланды ауданы бойынша:

Даниловка ауылдық округінің Даниловка ауылы Алтынды ауылына;
Даниловка ауылдық округінің Богдановка ауылы Алакөл ауылына.

2) Целиноград ауданы бойынша:

Романовка ауылы және Романовка ауылдық округіне сәйкес Рахымжан Қошқарбаев ауылына және Рахымжан Қошқарбаев ауылдық округіне.

3) Сандықтау ауданы бойынша:

Васильевка ауылдық округінің Острогорка ауылы Ұлан ауылына.

2. Осы шешім Ақмола облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді.

*Облыстық мәслихат
сессиясының төрағасы*

Облыс әкімі